**Бекітемін**

**Бәйгетөбе ауылдық округ әкімі**

**Б. Кенжеғали**

**17 қараша 2026 жыл.**

# ТЕХНИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІК

## Округ әкімдігі ғимаратының алдына орнатуға арналған жаңа жылдық шырша

Осы техникалық ерекшелік округ әкімдігі ғимаратының алдына Жаңа жыл мерекесіне орай орнатылатын, сыртқы ортада пайдалануға арналған жасанды құрастырмалы шыршаны сатып алуға қойылатын талаптарды айқындайды.

| | |
|---|---|
| **1. Тауардың атауы** | Жаңа жылдық жасанды шырша және Жаңа Жылдарыңызбен! 2027 жыл! |
| **2. Қолданылу мақсаты** | Округ әкімдігі ғимаратының алдына Жаңа Жыл мерекесіне орай орнату және кейінгі жылдары қайта пайдалану. |
| **3. Көлемі** | Биіктігі 9,60 м (табаны 3,50*3,50). Темір материалдан жасалған корпусы тапсырыс берушілерден қарастырылған. (әкім ғимаратында бар.) Жаңа Жылдарыңызбен! 2027 жыл! деген жазумен жазылған макет. |
| **4. Түсі** | Шырша - жасыл түсті, табиғи шыршаға барынша ұқсас сыртқы көрініс те. Жазу макеті- қызыл түсті, түнде жанып тұру қажет. |
| **5. Талаптары** | Жұлдызша-50см үлкен көлемде шыршаның биіктігіне сәйкес келетін, түрлі түсті, әдемі шырша шарлары болуы керек. Шырша ойыншықтармен толық безендірілуі тиіс және Жаңа Жылдарыңызбен! 2027 жыл! деген жазумен жазылған макеті және айналасында келер жылдың символ макеті түнде жарқырап жанып тұратын LED шамдары және гирляндалары болуы қажет. Шамдары мен ойыншықтары шыршаның бойына біркелкі орналасуы керек. Электр сымдары мен шамдары сыртқы ауа райына, ылғалға төзімді болуы тиіс. Барлық әшекейлері мен шамдары шыршамен бірге жеткізілуі қажет. Тапсырыс берушімен байланысу қажет, фотосурет үлгіде. |
| **6. Құрылымы** | Шырша мен жазу макеті сақтау мен тасымалдауға ыңғайлы болуы тиіс. Әр бөлшектердің арнайы қалташасына салынатындай етіп – арнайы қаптары болу қажет. Құрастыру және бөлшектеу жұмыстары арнайы күрделі құралдарды қажет етпеуі керек. |
| **7. Құрастыру, орнату және бөлшектеу жұмыстары** | Шыршаны толық құрастырып, орнықты етіп орнату, барлық ойыншық шарларын іліп, жарық шамдарын орналастыруы тиіс. Жарықтандыру жүйесін қосып, жұмысын тексеруі қажет. Жаңа жыл мерекесі аяқталғаннан кейін шыршаны бөлшектеп, барлық әшекейлерімен бірге жинап алынуы тиіс. |

| | |
|---|---|
| **8. Материалы мен сапасы** | Сыртқы пайдалануға жарамды, берік, тозуға төзімді материалдан жасалуы тиіс. Бұтақтары пішінін сақтайтын, түсі өңбейтін, қалыпты пайдалану кезінде үгітілмейтін және сынғыш болмауы қажет. |
| **9. Қауіпсіздік талаптары** | Құрылымында өткір, жарақат келтіруі мүмкін шығыңқы бөліктер болмауы тиіс. Материалдары мақсатына сай қауіпсіз пайдалануға жарамды болуы керек. |
| **10. Жинақтылығы** | Жеткізу жиынтығына шыршаның барлық құрастырмалы бөліктері, тұғыры, бекіту элементтері және құрастыру/пайдалану жөніндегі нұсқаулық кіруі тиіс. |
| **11. Сыртқы түрі** | Шырша толық жиналған кезде біркелкі, көлемді, бұтақтары тығыз орналасқан, эстетикалық көрінісі тартымды болуы тиіс. Көзге көрінетін зақымдары, майысқан немесе жетіспейтін бөлшектері болмауы қажет. |
| **12. Пайдалану мерзімі** | Жыл сайын қайта құрастырып пайдалануға, бөлшектеп сақтауға және тасымалдауға жарамды болуы тиіс. Бір маусымдық/бір рет пайдаланылатын бұйым болмауы қажет. |
| **13. Жеткізу және қабылдау** | Тауар жаңа, бұрын пайдаланылмаған күйде, зауыттық қаптамасында жеткізілуі тиіс. Жеткізуші тауарды толық жиынтықта тапсырады. Қабылдау кезінде биіктігі, түсі, жиынтықтылығы, сыртқы сапасы және тұғырының орнықтылығы тексеріледі. |
| **14. Кепілдік** | Кепілдік мерзімі жеткізілген күннен бастап кемінде 12 ай болуы тиіс. Кепілдік кезеңінде өндіруші ақауы анықталған жағдайда жеткізуші тауарды жөндеуді немесе ауыстыруды өз есебінен қамтамасыз етеді. |

**Ескерту:** Тауардың нақты үлгісі мен сыртқы безендірілуі осы техникалық ерекшелікте көрсетілген негізгі талаптарға сәйкес болуы тиіс. Тауарды қабылдау кезінде оның толық жиналған күйдегі биіктігі мен орнықтылығы тексеріледі.

Статист: _____ А. Шапиева